«Бірлес шағын орталықты орта мектебі» КММ-де өткізілген қамқоршылық кеңес отырысының

**ХАТТАМАСЫ №**

Сәлімбай ауылы 28.08.2020ж.

Қатысқандар: 9
Қатыспағандар:

**Күн тәртібінде:**

1. Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, мемлекеттік атаулы көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасынан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілерне және жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып,басқа отбасыларда тұратын, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасынан шыққан балаларға, білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын балаларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы №1005 қаулысынасәйкес балаларды есепке алу.

**1.1. Тыңдалды.** С.Кузембекова – мектептің әлеуметтік педагогы

Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан үйдегі зейнеткер кісінің есебінен асып отырған Қошқарбаев Сауранның мектеп жасындағы 1 баласы және мүгедектігі бойынша көмек алатын Тасыбеков Арқабайдың мектеп жасындағы 1 немересіне көмек көрсету керек екенін айтып өтті. Себебі, Қошқарбаев Сауранннның әйелі қайтыс болғандықтан балалары ата-анасының қолында, ата-анансының басқа да мектеп жасында балалары болғандықтан және де өздері тұрақты жұмыспен қамтылмағандықтан мемлекет тарапынан берілетін көмекке мұқтаж отбасылар қатарына жатады. Ал екінші оқушының әкесі қайтыс болған, баланың өзі анасының отбасында тәрбиеленуде. Анасының тұрақты жұмысы жоқ. Анасының отбасы да әкесі Тасыбеков Арқабайдың мүгедектік бойынша алатын жәрдемақысынан тасқа кіріс жоқ болған себепті көмек қажет ететін отбасы қатарына қосуға болады деген пікірін айтып өтті.

**1.2. Сөйледі:** С.Ә.Бисембаев – қамқоршылық кеңес мүшесі

Тасыбеков Арқабайдың өзінің жағдайына қарамастан жиен немересіне бөтендік көрсетпей осы уақытқа дейін бар жағдайын жасап отырғанына рахмет айта отырып, оған қолдау көрсетіп балалардың таршылық көрмеуіне қолдан келгенше көмек көрсету керектігін айтты.

**1.3. Сөйледі:** М.Бисембаева – қамқоршылық кеңес мүшесі

Аталған отбасылардың кеңес мүшелеріне жақсы таныс екендігін, олардың шын мәнінде зәулім үйлері,қымбат көлігі,шулаған мал-мүлкінің жоқтығын көріп,біліп жүргенін және осы отбасы балаларының тізімге енгізілуін қолдайтынын айтты.

**Шешімі:**

Ата-анасының біреуінің қамқорлығынсыз қалған 1 сынып оқушысы Дәурен Алинұр, 2 сынып оқушысы Қабыл Ермек әлеуметтік көмек алатын жекелеген санаттағы отбасы балаларының тізіміне енгізілсін.

1. С.Аптиялиев______________кеңестің төрағасы
2. С.Бисембаев ______________кеңестің мүшесі
3. С.Қырықбаев ______________кеңестің мүшесі
4. Б.Ақшалов ______________кеңестің мүшесі
5. Ж.Парманова______________ кеңестің мүшесі
6. С.Байтишов ______________кеңестің мүшесі
7. Т.Дүйсенқұл______________ кеңестің мүшесі
8. М.Бисембаева ______________кеңестің мүшесі
9. Р.Жылқышыбаева__________ кеңестің хатшысы